

**Қазақстан Республикасына немесе Қазақстан Республикасының кепілдігіне берілетін
сыртқы заемдарға қол қою өкілеттігін Ә.М. Қажыгелдин мен Е.Ж. Дербісовке беру
туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 4 сәуір 1994 ж. N 1619

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының Z933600_ негізінде және Қазақстан Республикасына берілетін сыртқы заемдарды тарту жұмысының ұйымдастырылуын және оның құқықтық, қаржы-экономикалық шарттары мемлекеттік реттелуін тәртіпке келтіру мақсатында қаулы етемін:

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Бірінші орынбасары

Әкежан Мағжанұлы Қажыгелдин мен Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі Еркешбай Жайлаубайұлы Дербісовке сыртқы
қаржыландыруға және Қазақстан Республикасына немесе Қазақстан
Республикасының кепілдігіне берілетін заемдарға Қазақстан
Республикасының атынан қол қою өкілеттігі берілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Алматы, 1994 жылғы 4 сәуір

N 1619